



ҚАЛБА ТЫНЫСЫ

№ 26 (9439) Жұма, 3 шілде 2026 жыл

Газет 1934 жылдан бастап шығады

Айна ақпарат

КЕҢЕЙТІЛГЕН АППАРАТТЫҚ КЕҢЕС ӨТТІ



Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен кеңейтілген аппараттық кеңес өтті. Жиында Абай облысында жолаушылар тасымалын ұйымдастыру барысы және өңірдегі жастар саясатын іске асыру мәселелері қаралды. Кеңеске облыстық басқарма басшылары, өңірлік департамент жетекшілері қатысты. Аудан және қала әкімдері бейнережим арқылы қосылды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мерей Байырханов пен жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысы Олжас Бейсенбаев баяндады.

Қазір өңірде облысшілік, облысаралық және халықаралық бағыттарды қамтитын 26 автобус маршруты жұмыс істейді. Жыл басынан бері бұл бағыттар бойынша 38 833 жолаушы тасымалданған. 2025 жылдан бастап алғаш рет облысшілік әлеуметтік маңызы бар маршруттарды субсидиялауға қаржы бөлініп, Семей – Курчатов, Семей – Қарауыл, Семей – Жезкент, Семей – Ақсуат, Семей – Өуезов және Семей – Көкпекті бағыттары ашылды. Сонымен қатар Семей – Қайнар, Семей – Шүлбі және Семей – Бескарағай бағыттары бойынша тасымалдауды ұйымдастыру конкурсы өткізіліп, нәтижесінде облыстың барлық аудандарын облыс орталығымен тұрақты автобус қатынасымен қамту жоспарланып отыр.

Семей қаласында 43 маршрутқа 329 автобус қызмет көрсетеді. Биыл 60 жаңа автобус сатып алынып, оның 45-і жолаушыларға қызмет көрсетуді бастады. Жыл соңына дейін тағы 20 автобус сатып алу жоспарланған. Сонымен қатар автобус қозғалысын бақылауға арналған арнайы коммуналдық мекеменің құрылуы нәтижесінде маршруттардың жүйелілік көрсеткіші 87 пайызға дейін артқан.

Өңірде әлеуметтік маңызы бар үш теміржол бағыты субсидияланып келеді. Семей және Үржар әуежайлары арқылы тұрақты әуе қатынасы ұйымдастырылған. Жазғы туристік маусымда Үржар бағыты бойынша рейстер саны аптасына беске дейін ұлғайтылған.

Аймақ басшысы жолаушылар тасымалы тұрғындардың өмір сапасына тікелей әсер ететін маңызды сала екенін атап өтті.

«Халықтың қауіпсіз, қолжетімді және тұрақты көлік қызметімен қамтамасыз етілуі – мемлекет саясатының негізгі бағыттарының бірі. Жалпы, жолаушылар тасымалы саласында белгілі бір оң нәтижелер бар. Жаңа маршруттар ашылып, әлеуметтік маңызы бар бағыттарды субсидиялау көлемі ұлғайтылуда, қоғамдық көлік паркі жаңартылып, цифрлық бақылау жүйелері енгізілуде. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасуы тиіс», – деді Берік Уәли.

Облыс әкімі жиында көлік басқармасына облыс орталығы мен тірек ауылдар арасындағы жолаушылар марш-

руттарының тұрақты жұмысын қамтамасыз етуді, тұрғындардың сұранысына сәйкес жаңа бағыттарды ашуды және оларды облыстық бюджет есебінен субсидиялау мәселесін пысықтауды тапсырды.

Абай облысында мемлекеттік жастар саясаты Президент бекіткен «Адал азамат», «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан» идеологемалары, 2029 жылға дейінгі мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасы, 2030 жылға дейінгі әскери-патриоттық тәрбие тұжырымдамасы және өзге де стратегиялық құжаттар аясында жүзеге асырылуда.

Бүгінде облыста 147 982 жас тұрады. Бұл өңір халқының төрттен бір бөлігін құрайды. Жастармен жұмысты 13 жастар ресурстық орталығы қамтамасыз етеді.

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында жастарды жұмыспен қамту бағытында бірқатар жұмыс атқарылды. Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 2,4 пайызды құрады. NEET санатындағы жастар саны жыл басымен салыстырғанда 444 адамға азайды. Экономикалық белсенді жастардың 97,5 пайызы жұмыспен қамтылған. Жыл басынан бері 2 511 жас жұмысқа орналастырылып, бос жұмыс орындары жәрмеңкелері, «Жастар практикасы», «Жасыл ел» және «Дипломмен ауылға» жобалары аясында жұмыс жалғастырылуда.

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында «Таза жағалау», «Тарихи ескерткіштерді тазалау», «Шоппер таңда» жобалары ұйымдастырылды. Бескарағай ауданындағы Шипалы көл аумағында өткен акция барысында 20 тонна қоқыс шығарылып, 200-ге жуық адам жұмылдырылды.

2026 жылдың екінші жартыжылдығында «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты, республикалық «Abai Quiz», «ERTIS VOLUNTEER FORUM – 2026» және «Жас сайлаушылар мектебі» жобаларын жүзеге асыру жоспарланған.

Аймақ басшысы жауапты мемлекеттік органдар мен аудан-қала әкімдеріне жастарды жұмыспен қамту, NEET санатын азайту, жастар ресурстық орталықтарының жұмысын күшейту, волонтерлік қозғалысты дамыту, сондай-ақ, жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы шараларды жандандыруды тапсырды.

«Жалпы, жастар саясаты бағытында бірқатар жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Дегенмен, жастармен жұмыс тек іс-шара өткізумен шектелмеуі тиіс. Ең бастысы – нақты нәтиже. Әсіресе, құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың, лудоманияның, ерте жүктіліктің алдын алу, NEET жастар санын азайту және жұмыспен қамту мәселелері тұрақты бақылауда болуы тиіс. Жастар ресурстық орталықтарының жұмысы барлық аудан мен қалада бірдей деңгейде ұйымдастырылуы қажет», – деді Берік Уәли.

Абай облысының әкімдігі.

Акимат

РАЗВИТИЕ ЖАРМЫ – В ЦИФРАХ, ДЕЙСТВИЯХ И ЗАДАЧАХ

Состоялось очередное заседание акимата под председательством исполняющего обязанности главы района Берика Терлиқбаева, в ходе которого были рассмотрены актуальные вопросы социально – экономического развития Жармы, пополнения доходной части бюджета, реализации экологической инициативы «Таза Казахстан» и исполнения ранее данных поручений. С основным отчетом по вопросам налоговой политики выступили представители уполномоченных органов – отдела строительства и архитектуры, отдела экономики и бюджетного планирования, управления государственных доходов района. Участники заседания обсудили один из приоритетных направлений – обеспечение полноты поступлений в доходную часть местного бюджета. Отмечено: необходимо активизировать работу с индивидуальными предпринимателями, предприятиями малого и среднего бизнеса по своевременной и полной уплате ими налогов и других обязательных платежей. Особое внимание здесь также было уделено мерам по расширению налоговой базы, повышению налоговой дисциплины, легализации предпринимательской деятельности налогоплательщиков на территории района.



На заседании рассмотрены вопросы реализации «Таза Казахстан», где с информацией о проведенной работе выступили специалисты аппаратов акима Акжальского, Жарыкского и Каратобинского сельских округов. Показан ход сделанного по очистке, озеленению и благоустройству территорий, поддержанию надлежащего санитарного состояния в данных населенных пунктах, а также участия государственных учреждений, предприятий и жителей в экологических акциях республиканской программы. Глава района подчеркнул, что обеспечение чистоты и порядка является общей задачей всех жарминцев, как важнейшая цель для будущего каждого человека, как достойный пример для подрастающего поколения.



Отдельным моментом встречи стало исполнение поручений руководства района. Заместителям акима района, курирующим те или иные поручения, ответственным руководителям государственных организаций даны конкретные поручения по обеспечению качественного и своевременного выполнения поставленных заданий, достижению запланированных показателей.

Г. Смагулова.



kalba_tynysy



kalba_tynysy



@rv_media2@mail.ru



8-723-47-6-26-99

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ: БҮГІНГІ ӨЗГЕРІС, ЕРТЕНГІ ДАМУ

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасы – тарихымыздағы аса маңызды әрі тағдырлы кезеңнің бастауы. Бұл құжат тек құқықтық акт емес, мемлекетіміздің егемендігін нығайтып, саяси жүйені жаңғыртуға және қоғамдық дамудың жаңа моделін қалыптастыруға бағытталған стратегиялық темірқазық.

Қазақстанның жаңа Конституциясы 1 шілдеден бастап күшіне енді. Елдің Ата заңына енгізілген өзгерістерді заңгерлер, ғалымдар және сарапшылар қауымдастығының өкілдері талқылады. Мамандардың айтуынша, Конституцияның жаңа редакциясы шамамен 85 пайызға жаңартылған. Бұл ретте мемлекеттің негізгі қағидаттары сақталып, көптеген нормалар қазіргі заман талаптарына сәйкестендірілген. Жаңартылған Ата заңда адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық бірегейлікті нығайту, мәдениет пен дәстүрлі құндылықтарды сақтау мәселелеріне ерекше басымдық берілген. Сонымен қатар цифрлық технологияларды дамыту және оларды құқықтық тұрғыдан реттеуге қатысты жаңа нормалар енгізілген.

1 ШІЛДЕ ЕЛІМІЗДІҢ БАС ҚҰЖАТЫ – КОНСТИТУЦИЯ КҮШІНЕ ЕНДІ

ИННОВАЦИЯ МЕН БІЛІМ – ДАМУДЫҢ ДИՇГЕГІ

Конституциялық реформа жөніндегі комиссия ұсынған жиынтық жоба – Ата Заңымызды түбегейлі жаңғыртуға жасалған батыл қадам. Құжат Прембуладан, 11 бөлім мен 95 баптан тұрады. Осы ретте «Халық кеңесі» және «Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу» атты екі жаңа бөлім енгізіліп, басқа да бөлімдердің құрылымы жүйеленді. Жалпы алғанда, Конституцияның 77 бабына түзетулер енгізіліп, негізгі мәтіннің 84 пайызы жаңартылды. Бұл сан көрсеткіштер – еліміздің саяси келбетін мүлде жаңа деңгейге көтеруге деген саяси ерік-жігерді айғақтайды.

Жаңа редакцияға сәйкес, Қазақстанның унитарлы мемлекет және басқару нысаны президенттік республика екені қадап айтылды. Ата Заңның 4-бабында егемендіктің иесі де, биліктің бірден-бір бастауы да – Қазақстан халқы екені тайға таңба басқандай жазылды. Ендігі жерде «республикалық референдум» ұғымы «жалпыхалықтық референдум» деп өзгертіліп, халықтың ел басқару ісіне тікелей қатысу тетіктері барынша күшейтілді. Бұл – «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының құқықтық деңгейдегі көрінісі. Бұл реформаның бастамасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Жолдауында көтерілгені белгілі. Президент жасанды интеллект пен цифрлық технологиялар дәуірінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа серпін беру қажеттігін атап өткен еді. Жаңа Конституция жобасында білім мен ғылым, мәдениет пен инновация – мемлекеттің стратегиялық дамуының негізгі тіректері ретінде бекітілді. Цифрландыру, ғылыми зерттеулерді қолдау және адами капиталды дамыту – елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін басты факторлар. Бұл өзгерістер ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындарының ұлттық дамуға жауапкершілігін арттырып, Қазақстанды инновациялық экожүйесі қалыптасқан озық елге айналдыруды көздейді.

Қазақстандағы қолданыстағы құқық мәселелеріне арналған конституциялық нормалар нақтыланды. Олардың негізгі мақсаты – толық құқықтық айқындық пен болжамдылықты қамтамасыз ету. Елдің жекелеген аумақтарында «қаржы саласында» арнайы құқықтық режимді немесе «жедел дамитын қала» мәртебесіндегі арнайы құқықтық режимді енгізу мүмкіндігі туралы жаңа норма көзделді. Бұл Астана халықаралық қаржы орталығының қызметіне және Алатау қаласын дамытуға қатысты. Басты мақсат – елдің экономикалық дамуын жеделдету. Діннің мемлекеттен бөліну қағидаты тікелей түрде бекітіледі. Бұл зайырлы мемлекет қағидаттарына және азаматтардың діни наным-сенімдеріне қарамастан теңдігіне негізделген айқын ұстанымды қалыптастырады. Сондай-ақ Қазақстанның сыртқы саясатының негіздері өзектендірілді. Олар – халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормаларын құрметтеу, сыртқы саясатты бейбітшілік пен ынтымақтастық рухында жүргізу. Адам мен азаматтың негізгі құқықтарының барлық санаттарының мазмұны – жеке, әлеуметтік-экономикалық және саяси құқықтар – тиісті кепілдіктерді бекіту арқылы жаңартылды. Жеке адамның қол сұғылмайшылығына берілетін кепілдіктер күшейтілді. Атап айтқанда, адам қадір-қасиетімен қатар ар-намысының қол сұғылмайшылығы танылды, цифрлық дәуірде дербес деректерді қорғау және процестік ықпал ету шараларын қолдану кезіндегі адам құқықтары қамтамасыз етіледі.

Сондай-ақ «Миранда ережесі» мен кінәсіздік презумпциясы дербес қағидаттар ретінде бекітілді. Дәстүрлі отбасылық құндылықтарды қорғау мақсатында неке мен отбасы құндылықтары түбегейлі түрде күшейтілді. Қазақстан Республикасы азаматтарының табиғатты сақтау және табиғи байлықтарға ұқыпты қарау міндеті белгіленді. Бұл қоршаған ортаны қорғау саясатының құқықтық негізін нығайтып, аталған бағыттың қоғамдық маңызын айқындайды. Пассивті сайлау құқығын іске асыруды нақтылау аясында жария билік органдарын қалыптастыру контекстінде сыбайлас жемқорлыққа «нөлдік» төзімділік қағидаты күшейтілді.

ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ – БАСТЫ БАСЫМДЫҚ

Үшінші бөлім «Президент» саяси жүйенің «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет»

формуласының қисынды жалғасы болып табылады. Президент сайлауын өткізу мерзімдері мен ант қабылдау тәртібі конституциялық деңгейде белгіленді. Бұл ретте Конституцияда көзделген жағдайларда кезектен тыс Президент сайлауын тағайындаудың жаңа тетігі енгізілді. Аталған сайлау тек Құрылтайдың шешімімен тағайындалады. Президенттің Құрылтаймен, Үкіметпен және өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы, кадрлық өкілеттіктері мен нормашығармашылық функциялары айқындалды. Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату негіздері мен тәртібіне қатысты конституциялық нормалар толықтырылды. Атап айтқанда, мемлекет басшысының өз еркімен отставкаға кету құқығы нақты бекітілді.

Аталған рәсімдер конституциялық талаптардың сақталуын тексеретін Конституциялық Сот арқылы жүзеге асырылатын болады. Президенттің өкілеттігін Конституцияда белгіленген тәртіппен Вице-Президентке, Құрылтай Төрағасына немесе Премьер-Министрге беру рәсімдері нақты және айқын көрсетілген. Мемлекеттік биліктің жаңа институты – Вице-Президенттің құқықтық мәртебесі мен өкілеттіктері регламенттелді.

Парламенттің жаңа бір палаталы моделіне арналған нормалар елдің Негізгі заңының төртінші бөліміне е-

дерді қамтиды. Жаңа Конституция қоғам мен мемлекеттің стратегиялық даму міндеттеріне жауап бере отырып, негізгі қоғамдық-саяси институттарды түсіну және олардың даму перспективаларын бағалау үшін заманауи тұжырымдамалық тәсілдерді қамтиды.

Барлық новеллалар адам құқықтарын толық іске асыруға және Конституцияға негізделген құқық үстемдігін қамтамасыз етуге жағдай жасайды. Олар «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» концепциясының логикасына сай келеді. Елдің жаңа Негізгі заңы қоғам мен мемлекеттің эволюциясының сапалы жаңа кезеңін бастауға берік негіз қояды.

Конституцияның жаңа жобасының негізгі өзегі – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейту және заң үстемдігін қамтамасыз ету. Билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік пен жауапкершілікті арттыру, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелеріне ерекше мән берілген. Ата Заңның жаңа мәтінін көпшілік талқылауға ұсыну – халықты мемлекет басқару ісіне белсенді тарту, жауапкершілігі жоғары, білім мен ғылымға арқа сүйеген, әділетті Қазақстанды бірге құруға бағытталған тарихи қадам. Бұл – әрбір қазақстандықтың өз болашағы үшін жауапкершілікті сезінетін және мемлекеттік шешімдерге тік-



гізділі. Құрылтай 145 депутаттан тұрады және олар пропорционалды сайлау жүйесі арқылы сайланады. Бұл саяси плюрализмнің дамуы мен партиялық жүйенің либерализациясына сәйкес келеді. Парламент палаталарының қолданыстағы өкілеттіктері, бірлесіп, кезең-кезеңімен немесе жеке-жеке жүзеге асырылатын болса да, жаңа бір палаталы модельге органикалық түрде интеграцияланды. Заң шығару бастамасы құқығына не субьектілердің ауқымы нақты анықталып, заңдармен реттелетін маңызды қоғамдық қатынастардың тізімі кеңейтілді, сондай-ақ заң жобаларын қараудың үш кезеңді моделі енгізілді. Аталған жаңашылықтарды ескере отырып, Құрылтай Парламенттің кәсіби, жедел және тиімді жұмыс істейтін үлгісіне айналуға тиіс. Осы арқылы елдегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге жаңа қарқын беріліп, олардың сапасы арттырылады. Алтыншы бөлім Қазақстан Халық Кеңесіне қатысты мәселелерді реттейді. Кеңес – жоғары консультативтік орган, құрамына ел азаматтары кіреді және Қазақстан халқының мүддесін білдіреді. Екі бапта да оның атауы қазақ тілінде бекітілген. Кеңестің өкілеттіктеріне заң жобаларын Құрылтайға енгізу, жалпыхалықтық референдум өткізу бастамасын көтеру, сондай-ақ өзге де маңызды функциялар кіреді. Конституциялық соттың мәртебесі – тәуелсіз мемлекеттік орган ретінде конституциялық бақылауды жүзеге асырып, Конституцияның үстемдігін бүкіл ел аумағында қамтамасыз ететін орган ретінде бекітілді. Конституциялық бақылау органы қабылдаған шешімдердің құқықтық салдары нақтыланды. Адвокатура мен заң көмегін көрсететін өзге де тұлғалардың құқықтық мәртебесі алғаш рет Конституция деңгейінде бекітілді. Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі бөлек бөлімде бекітілді. Конституцияға кез келген өзгерістер тек референдум арқылы енгізіледі. Жаңа Конституция қоғам мен мемлекеттің стратегиялық дамуының мақсаттарына сай келіп, негізгі қоғамдық-саяси институттарды түсіну және олардың даму перспективаларына қатысты заманауи концептуалды тәсіл-

лей әсер ете алатын кезеңі.

Мемлекет басшысы «Айбын» XII халықаралық әскери-патриоттық жастар жынында сөйлегенде 1 шілде күні жаңа Конституция заңды күшіне енетінін, осылайша, Қазақстан ел дамуының мүлдем жаңа дәуіріне қадам басатынын еске салды.

– Жаңа Конституция барлық мемлекеттік және қоғамдық институттардың жаңғыруына негіз қалады. Мұндай күрделі өзгерістер еліміздің 35 жылдық тарихында да, одан бұрын да болған емес. Яғни Қазақстан сапалы ғылым негізінде өркендеу мен технологиялық өрлеу жолына түсті. Дегенмен қоғам бір мақсатқа жұмылып, ынтымақ-бірлік танытпаса, кез келген, тіпті мұқият сараланған мемлекеттік жоспардың өзі қағаз жүзінде қалады. Туған жерге – Қазақстан Республикасына адал қызмет етуге ұмтылатын білімді, ерік-жігері мол отаншыл жастар елімізді көркейтеді. Негізгі заңның түпкі мәні де осыдан көрінеді: Конституция шын мәнінде барлық парасатты және жасампаз күштерді, нағыз патриоттарды еліміздің стратегиялық бағдарының, яғни, реформалардың жалпыұлттық жоспары мен мақсаттары төңірегіне біріктіретін берік тұғырнама іспеттес. Жаңа Конституциямыз – барша халықтың, әсіресе, өскелең ұрпақтың адамгершілік және құқықтық бағдары, өмір жолындағы темірқазығы. Осы бағыттан айнұмасақ, қоғамдағы тұрақтылықты сақтаймыз, азаматтарымыз заң мен ел мүддесіне құрметпен қарайтын лайықты өмірге қол жеткізеді, – деді Президент.

15 наурызда Қазақстанда жаңа Конституция жобасы бойынша республикалық референдум өтті. Нәтижесінде дауыс беруге қатысқан азаматтардың 87,15 пайызы жаңа Конституцияны қолдап, осылайша, 15 наурыз – Конституция күні болып белгіленді.

К.Шынбат.

Бабалар рухына тағзым!



*Пай, пай, пай!
Киелі неткен жер!
Батырлар дүбірлеп өткен жер,
Тұлпарлар дүбірлеп төккен тер,
Ғашықтар бір-бірін өккен жер.
Сарылып сал-сері кеткен жер.
Бас иіп, иіскеп топырағын,
Тағзым жасамай өтпендер!
Мұқағали Мақатаев.*

Ақиық ақынның «Тағзым жасамай өтпендер» деген бұл өлең жолында бабаларға тағзым ету- басты міндеттің бірі екенін аңғартып тұрғандай. Қазақ даналығында «Өткенсіз бүгін, бүгінсіз болашақ жоқ» немесе «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген тағылымы тереңде жатқан сөзді көбіміз санамызда саралай білеміз. Өңірдің тарихында өзіндік орны бар, батыр да би болған бабалардың рухына ұрпақтары тағзым етті.

Өткен аптада Жарма ауданы Жаңаөзен ауылының іргесіндегі XIX ғасырда өмір сүрген, бақы матай руынан шыққан Сенгірбай батыр Нарботаулы Сайболат немересінің зиратына құлпытас орнатқан ұрпақтары ас берді.

Баба рухына зиярат еткен ұрпақтары тек ғана ас берумен шектелмей Жаңаөзен ауылында жастар арасында спорттық шара ұйымдастырды. Ал Қалбатау ауылының тұрғындарына Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Жамали Диханұлы, әнші-термеші Жетес Жәмеков өнерлерін көрсетті.

Ауылына жанашыр жомарт азамат

Дана халқымыз «Атың барда -жер таны желіп жүріп, асың барда-ел таны беріп жүріп» деген сөзі бекер айтпаса керек. Туып-өскен өңірі, білім алған ауылына алыста жүрсе де атбасын бұрып, ағайынның ахуалын білісіп жүретін кәсіпкер - Мусакиев Қайрат Закарияұлы бабалар рухына тағзым етуді өзінің ауылынан

бастапты. Өскелең ұрпаққа үлгі болуды мақсат еткен, кәсіпкер өзімен қатар, бірге туған апайы мен аға -бауырларын ерте келіп, туған жердің тарихын тарамдауға үлесін қосуды жөн көрген. Сонау 18 ғасырларда ғұмыр кешкен батыр да би бабалары Сенгірбай батыр Нарботаулы Сайболат немересіне, 19 ғасырда өмір сүрген Серік батыр Есенгелдіұлы Сенгірбай немересіне арнайы құлпытас қойып, қоршауын жасап, ұрпақтарынан естелік орнатты. Осы орайда Жарма жері Бөке кенішінде Мусакиевтер отбасында дүниеге келген үйдің тұңғышы -бүгінде Алматы қаласының тұрғыны - Мәдина Закарияқызы да осы игі істің басы қасында жүріп, ойымен бөліскен еді.

- Мен сонау 1956 жылы Бөке жерінде дүниеге келдім. Қазіргі Абай атындағы мектеп-гимназияның түлегімін. Біз осынау игі істі ағайын-тумаларымызбен бірнеше жыл бұрын қолға алуды жоспарлаған едік. Бұл біздің ата-қонысымыз, ұрпағымыз тарихын танып, бабаларымызды біліп жүрсе деген оймен жасалып жатқан игі іс. Біз туған ауылымызға, туған жерімізге тағзым етіп, бабалар ізі қалған киелі мекенді ұлықтауды жөн көрдік. Бөке ауылындағы ата-анамыздың зиратына да құлпытас қойып келдік. Мен мектепті аяқтаған соң 1974 жылдары Алматы қаласына арман қуып, білім іздеп кеткенмін. Сол уақыттан бері әсем қаланың тұрғыны болып, өстік, есейдік. Артынан ерген інілерім де Алматы қаласында өсіп-өніп, ер жетті. Бірақ біз туып-өскен ауылымызды есімізден бір сәт шығарған емеспіз. Бұл игі істі ағайын-туыстың қолдауымен қолына алған інім -Қайрат Закарияұлына алғысым шексіз, -дейді Мәдина ана.

Кеңес Одағының батыры Кенжебек Шәкенов, қазақтың дара да дана, дарабоз ақыны, жерлесіміз Тұрсынхан Абдрахманова жақын туыс, ағайындары екен тілге

тиек еткен Мәдина Закарияқызы Жарма топырағы батырлар мен би-шешендердің мекені болғанын, ата-баба рухы әрқашан қолдап-қорғап жүруін, ел-іші тыныш, жайма шуақ заман болсын деген игі тілегін білдірді.

Тегін ұмытпай, бабалар есімін жаңғыртып, тарихты түгендеп, шежірелерін тарамдап жүрген кәсіпкер азамат, баба рухына тағзым етіп ас берді, атымтай жомарт азаматтың ауылына, Жаңаөзен ауылындағы білім алған К.Шәкенов атындағы мектебіне жасаған игілікті ісі көпке үлгі болары хақ.


Жастар спорттық шарада бақ сынасты

Дәстүрді сабақтастырып, баба рухын ұлықтауды мақсат еткен игі шара барысында К.Шәкенов атындағы орта мектебінде ауқымды спорттық жарыс ұйымдастырылып, жастар футбол турнирінде бақ сынасты. Спорттық шараның салтанатты ашылуы рәсімінде мектеп директоры Қайрат Байғалиев өзінің құттықтауын білдіріп, ауылдағы игі істің ұйытқысы болып отырған Қайрат Закарияұлына алғысын жеткізді. Өз кезегінде кәсіпкер жалпы жас буын ауылының тарихын, батыр бабаларының есімін танып жүруді мақсат еткен шара екенін айтып, футболға келген қатысушыларға сәттілік тіледі. Мектеп

Қалбатаудың төрінде бекзада өнерімен 2 - рет шығып тұрған Жамали Диханұлы -сонау 2014 жылы ер Жәнібек Бердәулетұлының 300 жылдығына арналған шарада ұзындығы 50метр, биіктігі 6 метр 300 пышақ жүзінен жалаң аяқ жүріп өтіп, рекордтар кітабына енген жан. Араға 12 жыл салып ауданның тұрғындарын өнерімен тағы таңғалдырды. Көзсіз батырдың күштілігіне біз де тандана қарап, сұхбаттасуды жөн көрдік.

Жамали Диханұлы -Қытай Халық республикасының Тарбағатай аймағы Емлі елді мекенінде дүниеге келген. Ата мекені -Қазақ жеріне қоныс аударғанына да 27 жылдан астам уақыт болған. 10 жасынан спортқа бауылған әкесі қолдау білдіріп, шымырдай шынығуына ықпалы зор болыпты. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ, суға шомылу, күресу, білектің күштілігін сынау сынды спорт жарыстарында алдына жан салмаған, тынымсыз еңбектің нәтижесінде бұл спортта бағы жанғанын жасырмады. Шығыс жекпе-жегінен халықаралық спорт шебері, «Толағай» федерациясының негізін қалаушы, каскадер әрі өнер зерттеуші екенін әңгімесінен аңғардық.

«Жүзі қылпылдаған өткір пышақпен гір тасын көтергенде алақаныңыз жаракаттанбай ма, алмастай жарқылдаған қылышпен биікке көтерілгенде табаныңыз



ұжымына «спорт пен өнерді серік етіңіздер» деген ізгі тілегін білдіре отырып, 5 домбыра және 10 футбол добын тарту етті. Сондай-ақ, өңірден шыққан би-шешендерден бастау алатын шежіресін тарқататын «Тектілік қонған әулет» атты батыр бабалардың тарихын тарамдаған жаңа кітабы үлестірілді.

Спорттық жарыста бақ сынасқан жастар да тартысты ойын үлгісін көрсетіп, туған жеріне тағзым ете келген кәсіпкер азаматтың атына алғыстарын айтты.

Қалбатау төрінде Жамали өнер көрсетті

Кәсіпкер Қайрат Закарияұлы бабалар рухына тағзым еткен игі шараға үзеңгілес досы, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, каскадер, Жамали Диханұлын ерте келіпті. Сондай-ақ, Қалбатау ауылының сахна төрінде әнші-термеші Жетес Жәмековтің домбыраны күмбірлетіп, қобыздың сарынын әуелете ән салды. Жиналған қауымды таңғалдырған, біздің пайымымызша ең күшті адам -Жамали Диханұлының өнері тәнті етті. Сахна төрінде 18 өткір қылыштың жүзімен өрмелеуі, тісімен 100 кг салмақтан артық гир тасын көтеруі, қылпылдаған пышақты алақанымен жымқыра ұстап, ауыр салмақты қозғалтуы талайларды тандандырмай қоймады. Ал көзсіз батыр өнер иесінің шәкірттері Бауыржан Бекберген мен Ерасыл Бесалы да аяқ-қолдарын жылдам қозғалтқанда буынсыз адамдай иіліп, ор лақша биіктіктен секіргенде «ұстаздан шәкірт озар» деген тәмсілді санаға түйдік.

тілінбей ме» деген сауалды қойдық. Ерекше өнер иесі сөз кезегінде

- Адам өзінің бойындағы қорқынышты жеңе білу керек, менің өнерімді бағалап отырған көпшіліктің қошеметі мені шабыттандырады. 47 жылға жуық осы өнерді өзіме серік етіп келемін. Бұл өнерді мен «атағымды шығарайын» деген мақсатта көрсетпеймін. Халықтың, көрменнің ыстық ықыласы мені ынталандырады, күш-қуат береді, шабыттандырады, Тек спортпен ғана айналыспай, қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпын кеңінен насихаттау мақсатында бірнеше зерттеу-мақалалар мен кітап жазуға үлесімді қостым. Киноларда бағымды сынап, «Көшпенділер», «Абылайдың балалық» шағы сияқты көркем фильмдерде каскадерлік өнеріммен бірнеше ролді сомдадым,-дейді Жамали Диханұлы.

«Сегіз қырлы -бір сырлы» ерекше өнер иесі әрі спортпен қатар өнертанушы деп басында бекер сипатталмады. Өйткені Жамали Диханұлы этнографияға ерекше қызығушылық танытып, қазақтың қасиетті би өнері қара жорғаны талмай насихаттаған жанның бірі.

Бабалар рухына тағзым ете келген жерлестеріміздің игі ісі осылайша талантты да дарынды өнер адамдарына Қалбатау төрінде аудан жұртшылығы ризашылығын білдіріп, зор қошеметтеуі - руханиятты ұлықтайтын арда азаматтарға көрсетілген құрмет екені сөзсіз.

Кәусар Арықханқызы.



«АЙБЫН – 2026»: ПАТРИОТТЫҚ РУХТЫ АСҚАҚТАТҚАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСТАР ЖИЫНЫ



«Отанды сүю – жүректен, қорғау – азаматтық парыздан басталады».

2026 жылғы 21–27 маусым аралығында Ақмола облысындағы «Амандық» оқу-жаттығу орталығында Ш. Уәлиханов атындағы колледж базасында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ұйымдастыруымен дәстүрлі «Айбын – 2026» халықаралық әскери-патриоттық жастар жиыны жоғары деңгейде өтті.

Жиынға Қазақстанның барлық өңірлерінен, сондай-ақ шет мемлекеттерден келген әскери-патриоттық клубтардың тәрбиеленушілері қатысып, өзара тәжірибе алмасып, әскери-спорттық шеберліктерін сынады. Аукымды шараның негізгі мақсаты – жастардың бойында патриотизмді, Отанға деген сүйіспеншілікті, азаматтық жауапкершілік пен әскери қызметке құрмет сезімін қалыптастыру, сондай-ақ әскери-патриоттық тәрбиені дамыту.

Жиын бағдарламасы әскери-қолданбалы және спорттық сайыстарға толы болды. Қатысушылар белтемірге тартылу, шалқадан жатып денені көтеру, жүзу, әскерилендірілген кросс, АК-74 автоматтың бөлшектеу және жинақтау, арқан тарту, пневматикалық винтовкадан ату, әскерилендірілген эстафета және шешуші кезең – «Күшіміз бірлікте» әскери-далалық тактикалық ойынында бақ сынасты.

Бұл жарыстар жас сарбаздардың дене дайындығын ғана емес, олардың төзімділігін, тәртіптілігін, батылдығын, көшбасшылық қабілетін және командалық рухын шыңдауға мүмкіндік берді. Жиын қорытындысында барлық кезеңдер бойынша үздік командалар анықталып, абсолюттік жеңімпаз атағы үшін ең мықты командалар өзара сынаға түсті.

Халықаралық деңгейдегі бұл беделді додада Абай облысының намысын «Абай қырандары» командасы абыроймен қорғады. Команда мүшелері бірнеше жарыс түрі-

нен жүлделі орындарға ие болып, өңір мерейін үстем етті. Жекелей есепте:

Равильқызы Альфия шалқадан жатып кеудені көтеру жаттығуынан III орын иеленді;

Қалижаров Олжас пен Әубәкіров Данияр «Smart Sarbaz» робототехника байқауында III орын алды.

Командалық сайыста арқан тарту жарысынан III орын иеленген «Абай қырандары» жалпы командалық есепте 53 команданың ішінде 4-орынға тұрақтады. Сонымен қатар команда халықаралық әскери-спорттық жарыстардағы жоғары жетістіктері үшін «Үздік нәтиже көрсеткен команда» номинациясымен марапатталды.

Команда капитаны Қалижаров Олжас жеке жетістіктері мен көшбасшылық қасиеттері үшін «Үздік жас сарбаз – 2026» номинациясының иегері атанды. Сонымен бірге команда капитаны Олжас Қалижаров пен команда мүшесі Бритнер Никаға Қазақстан Республикасының Мемлекет басшысының жанында отыру мәртебесі бұйырды. Бұл – жастарға көрсетілген үлкен сенім мен жоғары құрметтің белгісі.

«Айбын» халықаралық әскери-патриоттық жиыны – жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік рухты сіңіріп, әскери қызметтің мәртебесін арттыруға бағытталған маңызды жоба. Осындай тағылымды шаралар елдің ертеңгі қорғаны болатын жастардың рухын шыңдап, олардың жауапкершілігін арттыруға және елдік құндылықтарды дәріптеуге зор үлес қосады.

«Абай қырандары» командасының барлық мүшелерін және олардың жетекшілерін жоғары жетістіктерімен шын жүректен құттықтаймыз! Алдағы уақытта да биік белестерді бағындырып, Қазақстанның абыройын халықаралық аренада асқақтата берулеріне тілектеспіз!

Серік Түсінов, – «Жас сарбаз» командасының жетекшісі.

Зейнетақы жинақтарының көлемі одан әрі ұлғаяуда: 12 айдағы өсім – 4,33 трлн теңге

Қазақстандықтардың зейнетақы жинақтарының көлемі 2026 жылдың I маусымына 27,67 трлн теңгеден асты. 12 айдағы өсім – 4,33 трлн теңге (немесе 18,6%).

Зейнетақы жинақтарының негізгі бөлігін көлемі 25,81 трлн теңгеге жеткен міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптастырылған қаражат құрайды. 12 айда олар 3,93 трлн теңгеге (немесе 18,0%) өсті.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары 12 айда 13,3%-ға ұлғайып, 754,69 млрд теңгеге жетті. Ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақ көлемі де ұлғайды: 2026 жылғы I маусымға оның көлемі 10,13 млрд теңге болып, 12 айда 19,8% өсім көрсетті.

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына 2024 жылғы I қаңтардан түсе бастаған жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) да ұлғаяуда. Былтырғы осындай кезеңмен салыстырғанда 2,6 есеге ұлғайып, 2026 жылдың I маусымына 1097,48 млрд теңге болды.

Түсімдер

Зейнетақы жинақтарының көлемі зейнетақы жарналары мен инвестициялық кіріс түріндегі кіріс ағындары есебінен ұлғаяды. 2026 жылдың алғашқы 5 айында салымшылардың жеке және шартты зейнетақы шоттарына 1 487,96 млрд теңге түсті, өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 14,4%-ға (немесе 186,95 млрд теңгеге) артық.

МЗЖ есебі жүргізілетін жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) 2026 жылдың басынан бастап 2026 жылғы I маусымға дейін 1 143,82 млрд теңге (өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда МЗЖ көлемі 6,9%-ға ұлғайды), МКЗЖ – 63,14 млрд теңге (өсім – 10,3%), ЕЗЖ – 815,51 млн теңге түсті. 12 айдағы ЖМЗЖ есебінен жарналар 280,19 млрд теңгені құрады.

Жыл басынан бері салымшылардың шоттарына түскен таза инвестициялық кіріс 01.06.2026ж. жағдай бойынша 834,86 млрд теңгені құрады.

Төлемдер мен аударымдар

2026 жылғы қаңтар-мамыр айларында БЖЗҚ-дан жарналардың барлық түрлері бойынша жасалған төлемдер мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар 693,53 млрд теңгені құрады.

Зейнет жасына толуына байланысты төлемдер 115,37 млрд теңгеге жетті. БЖЗҚ-дан зейнет жасына толуына байланысты кесте бойынша берілетін орташа айлық төлем – 38 890 теңге.

2026 жылдың басынан бері тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) 307,75 млрд теңге, мұрагерлік бойынша 47,55 млрд теңге, ҚР-дан тыс жерге тұрақты тұруға кетуге байланысты 17,54 млрд теңге, мүгедектігі бар адамдарға – 1,48 млрд теңге, жерлеуге – 3,93 млрд теңге көлемінде төлем жасалды. Сақтандыру ұйымдарына 199,91 млрд теңге аударылды.

БЖЗҚ баспасөз қызметі.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

"Алтын Тас 26" ЖШС төмендегі жобалар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды:

1. ҚР, Абай ауданындағы Ади учаскесіндегі қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп (19.11.2025 ж. № 3833-EL лицензиясы)

2. ҚР, Абай ауданындағы Ади 2 учаскесінің қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына қатысты ықтимал әсерлер туралы есеп (20.11.2025 ж. № 3854-EL лицензиясы)

Әсер ету аймағы: Абай ауданы, Жарма ауданы, Қаратөбе ауылдық округі, Әди (Былкылдақ) ауылы (49°13'22" с.е., 82°10'25" ш.б.).

Тыңдау 10.08.2026 ж., 11:00, Абай облысы, Жарма ауданы, Қаратөбе ауылдық округі, Әди (Былкылдақ) ауылындағы ауылдық клуб ғимаратында өтеді.

Жобалық құжаттама пакетімен ndbecology.gov.kz сайтта танысуға болады және жергілікті атқарушы органның сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat/about?lang=ru> "қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> сайтта, сондай-ақ "Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, email: urgrp.abay@akimatabai.gov.kz тел: 8 (7222) 354535 қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады,

"Алтын тас 26" ЖШС басқарушысы, БСН 250740020991

Мекен-жайы: ҚР, Абай ауданы, Семей к., 15 шағын аудан, 27Б үй

Тел.: +77472205002, zharkyn_88@mail.ru

Экологиялық құжаттаманы әзірлеуші С. А. Утегенов ЖК болып табылады.

Мекен-жайы: ҚР, Ақтөбе к., Бөкенбай батыр к-сі, 129Д, ҚҚ, 168А, БСН 130940007888.

Анықтама үшін эл.пошта және телефон: Aigul-kz79@mail.ru +77026624010

Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта (ашық жиналыс және бейнеконференциялар) өткізіледі. Белсенді сілтеме (ZOOM сілтемесі):

<https://us05web.zoom.us/j/87657102224?pwd=U62AptyOUyygWdlh8kDmXbJSHwVv0s.1>

Конференция идентификаторы: 876 5710 2224

Кіру коды: 0xGAZc

ОБЩЕСТВЕННЫ СЛУШАНИЕ

ТОО «Алтын Тас 26», сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проектам:

1. Отчет о возможных воздействиях к Плану разведки на твердые полезные ископаемые на участке Ади в Абайской области РК (Лицензия №3833-EL от 19.11.2025 г.)

2. Отчет о возможных воздействиях к Плану разведки на твердые полезные ископаемые на участке Ади 2 в Абайской области РК (Лицензия №3854-EL от 20.11.2025 г.)

Территория воздействия: область Абай, Жарминский район, Каратобинский с.о, с.Ади (Былкылдақ) (49°13'22" с. ш., 82°10'25" в. д.).

Слушания будут проведены 10.08.2026 г., 11:00, область Абай, Жарминский район, Каратобинский с.о, с.Ади (Былкылдақ), здание сельского клуба

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте ndbecology.gov.kz, на сайте местного исполнительного органа <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat/about?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте <https://ndbecology.gov.kz/> а также в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай», email: urgrp.abay@akimatabai.gov.kz тел: 8 (7222) 354535

Инициатор ТОО «Алтын Тас 26», БИН: 250740020991

Адрес: РК, Область Абай, г.Семей, Микрорайон 15 д. 27Б

Тел.: +77472205002, zharkyn_88@mail.ru

Разработчиком экологической документации является ИП Утегенов С.А.

Адрес: РК, г. Ақтөбе, ул. Бөкенбай батыра, 129Д, оф. 168А, БИН 130940007888.

Эл. почта и телефон для справок: Aigul-kz79@mail.ru; +77026624010

Общественные слушания проводятся в смешанном формате (открытого собрания и видеоконференцсвязи). Активная ссылка (ссылка в ZOOM):

<https://us05web.zoom.us/j/87657102224?pwd=U62AptyOUyygWdlh8kDmXbJSHwVv0s.1>

Идентификатор конференции: 876 5710 2224

Код доступа: 0xGAZc

НОВАЯ КОНСТИТУЦИЯ ВСТУПАЕТ В ДЕЙСТВИЕ



Как известно, 15 марта 2026 года в стране состоялся республиканский референдум, на котором была принята новая Конституция Республики Казахстан. Она вступает в силу с 1 июля 2026 года взамен Конституции 1995 года, действовавшей более тридцати лет. Новая Конституция стала крупнейшей конституционной реформой в истории независимого Казахстана, так как речь идет о принятии принципиально нового Основного закона государства. Принятие новой Конституции объяснялось несколькими факторами: необходимость модернизации системы государственного управления, перераспределение полномочий между ветвями власти, адаптация законодательства к цифровой эпохе, укрепление гарантий прав и свобод человека, формирование новой политической модели развития страны. Новая Конституция подтверждает ключевые принципы казахстанской государственности. А они остаются неизменными – суверенитет и независимость государства, территориальная целостность, светский характер государства, демократическое устройство, верховенство Конституции, признание человека

высшей ценностью, как и его жизни, прав и свобод.

Будет действовать новая система органов власти. Институт Президента – он остается главой государства и гарантом Конституции, но уточняются его полномочия и место в системе государственной власти с сохранением функций (представлять государство внутри страны и на международной арене, обеспечивать согласованную работу госорганов, защищать независимость и национальную безопасность). Введение должности вице-президента – назначается Президентом с согласия нового представительного органа для обеспечения преемственности власти в чрезвычайных ситуациях. Переход от двухпалатного парламента к Курултайю – создается после ликвидации Мажлиса и Сената с закреплением статуса и полномочий отдельным разделом Конституции. Считается, что новая структура позволит: сократить бюрократические процедуры, ускорить принятие законов, повысить ответственность депутатов перед избирателями. *Казахстан Халық Кеңесі* (Народный совет Казахстана) – в его функции входят стать площадкой для общественного диалога между государством и обществом для обсуждения стратегических вопросов развития страны. Конституционный Суд – получает отдельный конституционный статус, основными задачами являются контроль за соответствием законов Конституции, разрешение конституционно-правовых споров, защита конституционных прав граждан, официальное толкование отдельных конституционных норм. Права и свободы человека – подтверждаются традиционные гарантии (право на жизнь, свобода слова, свобода совести, право на образование, право на труд, право на судебную защиту, право собственности, политические права граждан. Но есть и новые акценты, где особое внимание уделяется защите персональных данных, цифровым правам граждан, безопасности информации, защите человека в цифровой среде.

Новая Конституция страны меняет архитектуру государственной власти, вводит новые политические институты, реформирует парламентскую систему, закрепляет современные подходы к защите прав человека и адаптирует государство к вызовам XXI века. Реальное же значение этих преобразований будет зависеть от того, как конституционные нормы будут реализованы на практике через законы страны.

ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО КАЗАХСКОЙ СТЕПИ

КАРАМОЛА – ПРАВОВОЙ СИМВОЛ УШЕДШЕЙ ЭПОХИ

История казахской степи богата событиями, оставившими значимый след в духовной, культурной и правовой памяти народа. Одним из таких мест, вобравшим в себя дух времени, стремление к справедливости и мудрость предков, является Карамола – сакральное поселение в Жарминском районе, где в 1885 году прошел чрезвычайный съезд биев пяти уездов Семипалатинской губернии. На этот съезд в качестве почетного казаха Чингизской волости был приглашен Абай Кунанбаев, однако его авторитет и правовая эрудиция быстро возвели его в ранг председателя съезда.

Великий поэт здесь представил уникальный правовой документ – «Карамолинское положение» или «Степную конституцию», включившим 74 статьи. Этот свод правил объединил нормы административного, гражданского и уголовного права, отражая традиции степного судопроизводства, став первым опытом письменного закрепления казахского обычного права, адаптированного к реалиям того времени. Документ не только вошел в историю, но и заложил основы юридического мышления в казахском обществе. Какую же роль сыграл Абай в качестве бия и законодателя до создания указанного титанического труда? Чтобы понять масштаб его судебной деятельности, необходимо погрузиться в сложнейший правовой контекст реалий конца 19 века. Жизнь казахов регулировалась тремя, зачастую конфликтующими системами: адатом (обычное право), шариатом (исламское право), законодательством Российской империи. Все это породило хаос, а старые нормы адата уже не отвечали вызовам времени. В этих условиях фигура справедливого бия становилась ключевой, ибо он был миротворцем, гарантом стабильности. Именно таким бием для своего народа и стал Абай, когда к нему, как к высшей инстанции обращались за разрешением самых запутанных споров, а его слава как неподкупного и мудрого бия распространилась далеко за пределы родного рода тобыкты. Что для Абая было главным при вынесении решений? Это гуманизм и здравый смысл (человеческая жизнь и справедливость стави-



лись выше формальной буквы закона), сочетание адата и шариата (использование их норм для достижения наиболее справедливого результата), новаторство (принятие решений зачастую вразрез с устоявшимися традициями).

